



КЕНЕННІҢ ТАҒДЫРЛЫ ТАРИХЫ

6-БЕТ | ТҰЛҒА



ШАМШЫРАҒЫҢ ІЛІМ БОЛСА АДАСПАСЫҢ

7-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҚАЛА ШУЫНАН ШАРШАМАЙ МА?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында жол салу және жөндеу бойынша ауқымды жұмыстарды бастауды тапсырдым. Ол кемінде 12 мың шақырым автожолды қамтиды. Автокөлік жолдары – елдің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігінің күре тамыры. Негізгі қалаларымыз бен аймақтарымыздың арасын сапалы жолдармен жалғау маңызды. Тағы да қайталап айтамын – сапалы жолдармен. Ашығын айтсақ, жолдардың сапасы сын көтермейді әрі бұл мәселе жиі көтеріледі. Жол сапасының нашарлығына қатысты халықтың наразылығы орынды.

№102  
(4690)

Сейсенбі  
27 тамыз  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЭЛЬБРУСТА «АДАЙДЫ» КҮМБІРЛЕТТІ

Астаналық домбырашы Әлібек Қайырбек Эльбрус шыңын бағындырды. 26 жасар музыкант Қазақстан туының фоньында домбырамен «Адай» күйін тартты.



Өзінің күй тартқан кезін домбырашы 24 тамызда Instagram-дағы парақшасында жариялады. Әлібек – кәсіппен қатар альпинизмді алып жүрген, кәсіби музыкант. Ол серіктерімен бірге Еуропаның ең биік нүктесіне шығуға 1 апта уақыт жұмсаған. Ұлттық аспабын мұқият орау арқылы сақтаған музыканттың ерлігіне сүйсінбеске шараң жоқ.



## ЖАҢА ӘДІСПЕН ТӨЛЕЙ АЛАДЫ

Астанада 26 тамыздан бастап мектеп оқушылары мен жеңілдігі бар азаматтарға арналған виртуалды тарифтер енгізілді.

Рәсімдеу тегін және онлайн жүзеге асырылады. Виртуалды тарифті рәсімдеу үшін «Autobus» қосымшасын орнатып, «Transcard.kz» сайтының «Электрондық өтінімдер беру» бөлімінде өтініш бересіз. Өтініш мақұлданғаннан кейін (поштаға хат келеді) «Autobus» қосымшасында виртуалды тариф қолжетімді болады. Елордада 1 тамыздан бастап қоғамдық көлікте жол жүру ақысы 90 теңгеден 110 теңгеге өсті.



## ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Биыл бас қаланың 50 көшесінің жолдарын орташа ағымдағы жөндеуге қаржы бөлінді. Бұл жолдардың жалпы ұзындығы – 60 шақырым. Сондай-ақ осы жылы 8 жоба бойынша 6 тұрғын алаптың жолдары жөнделуде. Оның барысы мен жұмыс сапасы туралы Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында баяндалды.

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСЕДІ

2025 жылдан бастап зейнетақы 8,5 пайызға өседі. Өзгеріс 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасына енгізілген.

Құжат «Ашық» порталында жарияланған және 31 тамызға дейін қоғамдық талқылауда болады. Сондай-ақ мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215 теңгеден 32 360 теңгеге дейін көтеру жоспарланған. Елімізде ең төменгі зейнетақы мөлшері 57 853 теңгеден 62 771 теңгеге өседі.





## БРИКС САММИТІНЕ ШАҚЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан – Ресей ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективаларын талқылады.

Президенттер сауда-экономика және энергетика салаларында бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толықтай жүзеге асыру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ

Владимир Путиннің Астанаға жоспарланған мемлекеттік сапарына дайындықтың сапалы болуын қамтамасыз етуге келісті.

Мемлекеттер басшылары халықаралық күн тәртібіндегі

өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласында өтетін БРИКС саммитіне қатысуға шақырғаны үшін Ресей Президентіне ризашылығын білдірді.

## КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған бір топ депутат қытайлық әріптестерімен кездесті.

Үрімжі қаласы Экономикалық аймақтың әкімшілік комитеті төрағасының орынбасары Чень И мырзамен кездесуде агроөнеркәсіп, мал шаруашылығының экспорты, импорты саласындағы ынтымақтастық, жүйелі екіжақты экономикалық дамуға жәрдемдесу және екі ел кәсіпкерлерінің бизнес-қатынастарын қолдау туралы айтылды. Бұл туралы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«2008 жылы еліміздің бас қаласы Астана мен Қытайдың Үрімжі қаласы арасында стратегиялық ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Құжат экономика, сауда, мәдениет және технологиялар саласында тәжірибе алмасуды және бірлескен жұмысты көздейді. «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы жақында Үрімжі қаласында өкілдігін ашқан болатын. Аймақ шекарасы болғандықтан, екі елдің

экономикасы үшін маңызды сауда, гуманитарлық және туристік хаб болып табылады. Серіктестіктің 30 жылында көптеген байланыстар орын алғанымен, өсу үшін әлі де үлкен әлеует бар. Әңгімелесу барысында қазақстандық бизнес-қоғамдастық пен қытайлық кәсіпкерлер түрлі салаларда өзара көмек көрсете алатын бағыттар бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді ұсындым» деді Е.Каналимов.



## АУЫЛ ӘКІМІНІҢ ӨКІЛЕТТІГІ КЕҢЕЙДІ

Үкімет өңірлердің дербес болуын құптап, бірқатар өкілеттіліктерді жергілікті әкімдікке өткізбекші. Бұл халықтың өтініштері мен қажеттіліктеріне тез және тиімді жауап беруге мүмкіндік береді.

Жергілікті билік ресурстарды икемді басқарып, өз облыстарының стратегиялық дамуына, атап айтқанда, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды дамыту және жергілікті білім мен денсаулық сақтау деңгейін көтеруге қатысты шешімдер қабылдай алады» деп жазылған Үкіметтің ресми сайтында жарияланған

ақпаратта.

Осылайша, Үкімет 21 қызметінің 12-сін өңір әкімдіктеріне қайта бөледі. Ел Парламенті 18 қызмет түрін аудандық әкімдіктерге беру үшін бірқатар түзетулерді қарастыруда. Жаңа Бюджет кодексінің жобасында кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру салығын республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге ауда-

ру көзделген. Республикалық деңгейден жергілікті деңгейге төлемдер, алымдар, баждар, айыппұлдар және басқа да төлемдерді беру пысықталуда. Ауыл әкімі мен аппаратының өкілеттіктерін кеңейту көзделген. Бұған қоса ауыл әкімдеріне еңбекақы төлеудің кесімді жүйесі бойынша еңбек келісімшартымен тұрғындарды жұмысқа алу мүмкіндігі беріледі.

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов пен ОПЕК (The Organization of the Petroleum Exporting Countries) бас хатшысы Хайтам Әл-Гайс әлемдік мұнай нарығындағы ағымдағы ахуал мен ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады.



Үкімет басшысы ОПЕК-тің әлемдік мұнай нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды рөлін атап өтті. ОПЕК+ шеңберіндегі мұнай өндірушілер мен экспорттаушылардың келісілген әрекеттері орын алуы ықтимал жағымсыз салдарды азайтуға және нарықтағы жағдайды тұрақтандыруға көмектеседі.

«Қазақстан ОПЕК+ шеңберінде өзара байланыстарды одан әрі тереңдетуге ниетті. Біз әрдайым ұйымның бастамаларын қолдап, басқа елдермен қатар ағымдағы ерікті міндеттемелер бойынша шектеулерді де қабылдап отырмыз» деп мәлім етті Олжас Бектенов.

Хайтам Әл-Гайс Қазақстанның әлемдік мұнай нарығын-

дағы маңызды рөлін, елімізде қабылданып жатқан шаралардың мұнай нарығындағы теңгерім мен болжамды баға белгілеуді қамтамасыз етуге әсерін атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша Олжас Бектенов пен Хайтам Әл-Гайс өзара табысты әрі нәтижелі іс-қимылды жалғастыру ниетін растады.



## ЖАҢА ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Гловтовтың төрағалығымен Өңірлік инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтті. Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, штаб құрылғалы қала әкімі Жеңіс Қасымбек пен оның орынбасары Евгений Гловтовтың басшылығымен инвестициялық штабтың 10-нан астам отырысы өткізілді. Оның барысында инвестиция тартуға және түрлі жобаларды іске асыруға қатысты 280-ге жуық мәселе қаралды.

Жиында жаңа инвестициялық жобалар үшін жер учаскелерін іздеу, техникалық шарттарды беру, нақты жоспарлауды түзету және әзірлеу, сондай-ақ шұғыл шешімді талап ететін өзге де өзекті мәселелер талқыланды.

Отырыс аясында Астанада іске асырылатын бірнеше маңызды инвестициялық жоба таныстырылды. Инвесторлар Астананың шалғай аудандарында бастауыш сыныптарға арналған мектептер, Халық-

аралық қазақ-француз мектебі, 1 100 орындық қолжетімді мектеп салу бойынша жобаларды ұсынды. Сондай-ақ шетелдік инвесторлар үндістандық құрылғылармен жабдықталған қазақстандық диагностикалық орталық құру және бизнес-орталық салу жобалары туралы баяндап берді.

Отырыс барысында түсті металдар қорытпалары мен қышқылды аккумуляторлар шығаратын зауыт салу, сондай-ақ 15 000 паллетоместрлік

тоңазытқыш қоймасын құру бойынша жобалар да ұсынылды. Осы жобалардың барлығы жаңа жұмыс орындарын ашуға және елордамыздың экономикасын дамытуға бағытталған.

Отырыс қорытындысы бойынша әкімнің орынбасары Евгений Гловтов жергілікті атқарушы органдар мен коммуналдық қызметтердің қала аумағында инвестициялық жобаларды іске асыруда тиісінше қолдау көрсетуге дайын екендігін атап өтті.

### Астана қаласы тұрғындарының назарына!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылғы қыркүйектің үшінші онкүндігінде «Астана қаласында саябақтар мен скверлерді кешенді көгалдандыру, абаттандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Е. КАНАЛИМОВ,  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## «СКМ ДЕВЕЛОПМЕНТ» ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов «СКМ Девелопмент» компаниясының өкілдерімен кездесті.

«СКМ Девелопмент» компаниясы 2005 жылдан бастап көрші Ресейдің әртүрлі аймақтарында тұрғын үй және коммерциялық жылжымайтын мүлікті басқарумен және дамытумен айналысып келеді. 2017 жылдан бастап компания Екатеринбургтегі тұрғын үй құрылысы саласында толық циклді жобаларды іске асыруда.

Мәслихат төрағасының айтуынша, қонақтар Астанада тұрғын үй жобаларын дамытуға қызығушылық танытқан. Жақын арада «Astana Invest» инвестицияларды дамыту орталығымен бірлесіп, ынтымақтастық жөніндегі одан арғы қадамдарды талқылау үшін Индустриялық парк пен «Аверс» үй құрылысы комбинатында көшпелі кеңес өткізілмек.

## МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Астана қаласы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы «Бақытты отбасы» қоғамдық қорымен бірлесіп «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізді.

Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл акцияның өткізілгеніне биыл 10 жыл толып отыр. «Осы комиссияның мүшесі, «Қазақстанның әйелдер күштері альянсы» төрайымының орынбасары ретінде және жеке кәсіпкер, қоғам белсендісі ретінде көптеген жылдардан бері аталған акцияға белсенді атсалысып келеміз. Осындай қайырымдылық іс-шарасын өткізудегі мақсатымыз – нарықта бағаның қымбаттауына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналарға көмектесу, осындай балалары бар отбасыларды қанатының астына алып отырған қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсету» деді Астана қаласы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі, кәсіпкер Баян Тойкебаева.

Ол сондай-ақ комиссияның жұмысының бірі қиын жағдайға түсіп қалған әйелдер мен балаларға қолдау көрсету екенін айтты. Комиссия кей кезде аналарды жұмысқа, ал олардың балаларын балабақшаға орналастыруға және басқа да құжаттар бойын-



ша жәрдем көрсетіп келеді. «Бақытты шаңырақ» ҚҚ денсаулығында кінәраты бар балалары бар отбасын қолдау үшін құрылды. Қордың қанатының астында бүгінде 850 отбасы бар. Мұнда балалар мен ата-аналар

үшін оңалту бөлмелері, жалпы білім беретін курстар жұмыс істейді. Сондай-ақ заң тұрғысында және психологиялық кеңестер беріледі» деді «Бақытты шаңырақ» ҚҚ төрайымы Ботагөз Сұлтанова.

## АРБАЛАР ШЕРУІ АНАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

Астанадағы Ботаникалық бақта Арбалар шеруі өтті. Оған қаладағы кішкентай балалары бар ата-аналар қатысты. Қызықты іс-шараны өткізуге елорда әкімдігі, Green Case Group, MyStart, Okno Digital компаниялары мұрындық болды.



Райхан  
РАХМЕТОВА

Қуаныш пен шаттыққа толы шеру бақтың ішін ерекше көңіл-күйге

бөлеп, елдің назарын аударды. Оған балалар арбасын итерген ата-аналар қуана қатысты. Оның бағдарламасында кәсіби нұсқаушылармен бірге фитнес-жаттығулар, стретчинг те

қамтылды. Көңілді іс-шара ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайта түсті, жаңа таныстыққа жол ашты. Екі сағатқа созылған шеру көптің көңілінен шықты. Қатысушылар қомақты сыйлықтарға ие болды. Атап айтқанда, жөргектер, балалар дүкеніне 100 мың теңгеге сертификаттар берілді.

Ұйымдастырушылардың бірі Әлия Өмірханованың айтуынша, Funny sport аясында ұйымдастырылған шеру – кішкентай балалары бар аналарға арналған спорттық іс-шара. Бұл олардың баламен үйде отырған кездегі өміріне бір көңілді әсер беріп, табиғат аясында осындай жарыстар арқылы бой жазып, серпіліп қалуына септік етеді.

– Баламен үйде отырған әйелдер үшін бұл бір ерекше іс-шара болды. Арбаға салып балаларымызды таза ауаға жиі шығарып тұрамыз, бірақ ол кезде әркім өзімен-өзі бөлек жүреді. Бұл шеру сондай ата-аналардың басын қосты. Түрлі дене жаттығуларын жасадық, сыйлықтар алдық. Ұйымдастырушыларға рахмет, – дейді елордалық көпбалалы ана Әсемгүл Жолбасарова.

Астана қаласы мәслихатының депутаты Нұрлан Муслим жеке қаражатына жалғызбасты әйелге жаңа үй салып берді.

## ДЕПУТАТТЫҢ ҚАЙЫРЛЫ ІСІ

Жақында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов пен Нұрлан Муслим «Кирпичный» тұрғын алабында тұратын Зүлфия Құлтаеваға баспананың кілтін тапсырды. 100 метр қашықтықтан мектептің құрылыс жұмыстары басталғанда Зүлфияның үйі суға батып, апатты деп танылған.

Баспанасы өмір сүруге жарамсыз болып қалған қамқөңіл жанға депутат бірден қол ұшын созуға шешім қабылдапты. Осылайша, мәслихаттардың 30 жылдық мерейтойында астаналық депутаттар қайырымды істердің бастамашысы болғаны қуантады.

## АРТЫҚ САЛМАҚҚА АЙЫП САЛАДЫ

Қыркүйек айында елордада көлік өлшейтін автоматтандырылған жүйе іске қосылады. Бұл жүйе жүк көліктерінің салмағын бақылауға, қаланың көлік инфрақұрылымының жалпы деңгейін жақсартуға, өзге де көліктердің кедергісіз жүруі үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Қазірдің өзінде сынақ режимінде жұмыс істеп тұрған өлшеу жүйесі қалаға кіреберістегі Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Көкшетау, Қосшы қалаларынан келетін жолдарға орнатылған. Осы жүйе арқылы соңғы айда 10 мыңнан астам заң бұзушылық тіркелді.

«Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін бекіту туралы» ҚР ИИДМ-нің 2015 жылғы 26 наурыздағы №342 бұйрығына сәйкес көлік құралдарының рұқсат етілген массасы төменде келтірілген нормадан (тоннамен) аспауы тиіс:

- үш осьті (М3 санатындағы буынды автобустарды қоспағанда) – 25 тонна;


- төрт осьті, оның ішінде екі басқарылатын осі бар – 32 тонна;

- бес осьті – 38 тонна;

- алты немесе одан да көп осьтері бар – 44 тонна.

Жалпы салмақ жүктің де, көліктің де салмағын қамтиды.

Айыппұлдардың мөлшері осы шаққандағы салмақтың арту дәрежесіне байланысты және кәсіпкерлік түріне байланысты шағын, орта немесе ірі – 40 АЕК-тен (147 мың 680 теңге) 1000 АЕК-ке (3 млн 692 мың теңге) дейін өзгеруі мүмкін.



## ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Елордада «Үздік педагог» республикалық конкурсының қалалық кезеңі басталады. Конкурсқа мектепке дейінгі, орта, арнайы, мамандандырылған, қосымша және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарында қызмет істейтін, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар педагогтар қатыса алады.

Құжаттарды қабылдау 2024 жылдың 29 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін жалғасады. Байқау туралы толық ақпаратты <https://astanamodern.kz/> сайтынан қарауға болады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау <https://uzdikustaz-nobd.edu.kz/#/sign-in> веб-порталында жүзеге асырылады.

Байқауға қатысушы педагогтың білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаздық қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескеріледі. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларына сәйкес ең жоғары балл жинаған педагогтар жеңімпаз атанып, конкурстың республикалық кезеңіне қатысуға мүмкіндік алады.

## АВТОБУСТАР БАҒЫТЫ ӨЗГЕРДІ

«City Transportation Systems» ЖШС Астанада 6 автобустың бағыты өзгергенін хабарлады.

«Жол жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін, № 17, 44, 47, 54, 56, 61 бағдарларының қозғалыс сызбасы уақытша өзгерді» деп жазды

жауапты ведомстводан. «City Transportation Systems» сапарларыңызды алдын ала жоспарлауды сұрайды.



# ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

## 31 КӨШЕ РЕТТЕЛДІ

Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшиннің айтуынша, қазірге дейін қаладағы 31 көшеде орташа ағымдағы жөндеу аяқталып, 10 көшенің жолдары жөнделіп жатыр. 9 көшеде тиісті жұмыстар әлі басталмаған. Бұл жұмыстар 30-70 метр аумақта, атап айтқанда, Алматы ауданында 4 көшеде, Віном мектебіне апаратын жолда, «Журналистер үйі» аумағында жасалуы керек.

– Тиісті жұмыстарды қыркүйек айының аяғына дейін бітіреміз. Бүгінге дейін 300-ден астам көшеде шұңқырлар бітеліп, 50 көшеде маршруттық жөндеу жасалды. Биыл жалпы ұзындығы 11 шақырымды құрайтын 15 көшеде тротуарлар салынды. Бұған қоса, 5 аялдама «қалтасы», 5 көлік қаңтару орны реттелді. Коммуналдық қызметтердің апаттық-қалпына келтіру жұмыстарынан кейін 18 учаскеде асфальт-бетонды жабын қайта төселді. 120 көшеге инертті материал себілді. Атап айтқанда, бұл көшелердің 60-ы – Байқоңыр ауданында, 30-ы – Сарыарқа ауданында, 20-сы – Алматы ауданында және 6 көше Нұра ауданында орын тепкен. 36 учаскеге жол таңбасы салынды. «Балалар қауіпсіздігі» бағдарламасы толығымен орындалды. Бұл бағдарлама мектептер маңайында бағдаршамдарды, көлік қою орындарын орнатуды, басқа да жұмыстарды көздейді. Осы жылы көпірлерді жөндеу қолға алынып, тиісті жұмыстар аяқталуға жақын қалды, – деді Асхат Қарағойшин.

## ТҰРҒЫН АЛАПТАР МӘСЕЛелЕРІ

Оның айтуынша, қазір қала құрылысы аудандарының кеңеюіне байланысты жүк көліктерінің көбеюі мәселесі туындады. 60-100 тонналық көліктер жолдарды шыдатпай отыр. Сол себептен жөнделген жолдарды қайта жөндеуге тура келеді.

– Кейбір тұрғын алаптардың жолдарын жөндеуде де мәселелер шықты. Атап айтқанда, Железнодорожный тұрғын алабында жөндеу жұмысы түзетуді қажет етеді. Сондықтан биыл жөндеуді үлгермейтін болғандықтан бөлінген қаржы қайтарылады. Оңтүстік-шығыс тұрғын алабында жөндеу жұмыстарының I және II кезеңі, Тельман тұрғын алабындағы жұмыс қалыпты жүргізілуде. Интернациональный кентіндегі жоба мен Комсомольский тұрғын алабының IV кезеңі түзетіліп жатыр. Көктал-1 тұрғын алабындағы жұмыстардың II кезеңіне бөлінген қаржы жетпей қалды. Оған қосымша қаржы керек. Интернациональный, Мишуринно, Күйгенжар тұрғын алаптарында электрожелілер салынды. Бұл кенттерде 2 жоба жүзеге асырылуда, – деді Асхат Қарағойшин.

Басқарма басшысының сөзінше, Н.Тілендиев даңғылы-III.Бейсекова көшелерінің қиылысындағы айналма жолдың құрылысына қажет металл қазан айына дейін келуі керек. Бұл жобаны келесі жылдың қыркүйек-қазан айларында пайдалануға беру жоспарланған. Байқоңыр ауданындағы «бүкір» көпірде 1 қыркүйекке дейін көлік қатынасын қамтамасыз ету мақсаты қойылды.

## АУДАНДАРДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының өтуіне орай және қала аудандары бойынша жолдарды жөндеу барысымен қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мерей Байырхан таныстырды.

Оның айтуынша, «Қазанат» ипподромы аумағындағы тиісті жұмыстарды 30 тамызға дейін толығымен аяқтау жоспарланған. Нұра ауданында E251 көшесінде Қ.Мұхамедханов көшесінен E32 көшеге дейінгі аумақта әлеуметтік нысандарға келу жолдары салынып жатыр. E306 көшесінде Сарайшық көшесінен Сығанақ көшесіне дейін, №26 көшеде Тұран даңғылынан E102 көшеге дейін, «Батығай» тұрғын үй кешені аумағындағы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша

бой көтерген мектепке жолдар салынууда. Қ.Мұхамедханов көшесіндегі Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тасжолы аралығында, Ш.Айтматов көшесіндегі Сығанақ көшесінен №27 көшеге дейін, E51 көшедегі Р.Бағланова көшесінен Ұлы дала даңғылына дейін, №24 көшедегі Тұран даңғылынан E102 көшеге дейін тиісті жұмыстар жалғасуда.

Есіл ауданында Жағалау-1 шағын ауданы, E549 көше аумағындағы Есіл көпірі арқылы өтетін арнайы тасжол, Тәуелсіздік даңғылындағы көпір, Тәуелсіздік даңғылындағы И.Панфилов көшесінен №27 көшеге дейінгі аралық, Т.Рысқұлов көшесіндегі Мәңгілік ел даңғылынан Нұра көшесіне дейінгі аумақ биыл пайдалануға берілімек. Мәңгілік ел даңғылынан Ә.Бөкейхан көшесіне дейінгі жол аралығын жөндеу 10 қыркүйекке дейін аяқталмақ. «Бағыстан» тұрғын үй кешені аумағындағы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша салынған мектепке жол салынады.

Бұқар жырау көшесінде №37 көшеден Тәуелсіздік даңғылына дейінгі аралықта мәселе бар. Мұнда мердігер келісімшартты орындамағандықтан оны бұзу жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл үдеріс аяқталғаннан кейін қалған жұмысты аяқтауға конкурс жарияланады.

Алматы ауданында A62 көшедегі Қордай көшесінен Астана-Қарағанды тасжолына дейінгі аралықта абаттандыру, көшені жарықтандыру жүргізіліп жатыр. Сондықтан жол салу жұмыстарын 30 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланған. Сарыарқа ауданында Ә.Жангелдин көшесі Ш.Бейсекова көшесінен К.Күмісбеков көшесіне дейінгі жол аралығы салынууда.

## САПАҒА КӨНІЛ БӨЛГЕН МАҢЫЗДЫ

Қала жолдарының құрылысы мен жөндеу сапасын қамтамасыз ету үшін қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы соңғы 4 жылда Жол активтерінің ұлттық сапа орталығымен келісімшарт жасады. Аталмыш орталықтың Астана қаласы бойынша атқарған жұмыстарымен бас директорын орынбасары



Бүгінге дейін 300-ден астам көшеде шұңқырлар бітеліп, 50 көшеде маршруттық жөндеу жасалды. Биыл жалпы ұзындығы 11 шақырымды құрайтын 15 көшеде тротуарлар салынды. Бұған қоса, 5 аялдама «қалтасы», 5 көлік қаңтару орны реттелді. Коммуналдық қызметтердің апаттық-қалпына келтіру жұмыстарынан кейін 18 учаскеде асфальт-бетонды жабын қайта төселді. 120 көшеге инертті материал себілді. Атап айтқанда, бұл көшелердің 60-ы – Байқоңыр ауданында, 30-ы – Сарыарқа ауданында, 20-сы – Алматы ауданында, 4 көше – Есіл ауданында және 6 көше Нұра ауданында орын тепкен

## ДЕПУТАТТАР ДАБЫЛЫ

Қалалық мәслихат депутаты Азамат Айтхожин мектептердің маңайындағы жолдарды жөндеу маңызын атап өтіп, тұрғын алаптар жолдарының сапасына мұқият болу керекін айтты.

Жуырда қалалық мәслихат депутаттары жолдарды жөндеу сапасын тексерді. Депутат Бауыржан Смайылов Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммиті алдында және V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында істелген жөндеу жұмыстарына көңілдері толатынын айта келе, тұрғын алаптардағы жұмыстар көңіл көншітпейтінін жеткізді. Соның ішінде Абайдың 150 жылдығы көшесіндегі мәселені атап өтті. Оның айтуынша, аталған жолды жөндеу жылдарға созылып кетті.

«Келесі жылы Ұлы Абайдың 180 жылдығын атап өтеміз. 30 жылда бұл көшені бір қалыпқа

келтіре алмай отырмыз. Бұл бәріміз үшін үлкен сын» деген депутат Н.Тілендиев-III.Бейсекова көшесі қиылысындағы мәселеге тоқталды. Оның пікірінше, болашақта жол жөндеу жобаларына, атап айтқанда, көпір мен айналма жол салу кезінде отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан аумағында өндірілетін металл конструкцияларын сатып алу керек. Қазір, өкінішке қарай, қажет материалды басқа елдерден, сол елдердің қазынасын толтырып сатып алып жатырмыз.

Сондай-ақ депутат Көктал-1 және Көктал-2 тұрғын алаптарында «Жайлы мектеп» жобасы бойынша қос жаңа мектеп пайдалануға беріліп деп жатқанын, сол маңайда жол қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету керекін, атап айтқанда, жаяу жүргіншілер белгілері мен бағдаршамдарды орнату қажеттігін айтты.

Басқа да мәслихат депутаттары жолдар құрылысы мен жөндеуге қатысты ескертулер мен ұсыныстарды жеткізді. Мәселен, Талғат Ерғалиев Агрогородок тұрғын алабындағы жолға сын айтты. Кендебай Адамбек жол жөндеуде жүйе керекін атап өтті.

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназияға қазір 600 орындық қосымша ғимарат салынып жатыр. Сол себептен оқу ғимараты қоршалды. Оқу жылы басталғанда оқушылар мектепке айналып баруға мәжбүр болады. Осыған байланысты депутат Мәдина Әжісқенова балалардың қауіпсіздігі мәселесін көтерді.

Отырысты жүргізген Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Владислав Сергеев биыл бас қала жолдарын жөндеу өткен жылдарға қарағанда жақсы деңгейде екенін айта келе, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының қажеттілігіне қарай келесі жылы қаржы бөлу керекіне тоқталды. Мәслихат депутаттары өз тарапынан жағдайды зерттейтінін жеткізді.

















№102 (4690) 27/08/2024 Сейсенбі

## ТҰҒЫРЛЫ ЕЛ ТУЫНДЫЛАРЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» халық музыка ансамблі «Тұғырлы ел» концертін ұсынды.



Концерт бағдарламасында композиторлар, ансамбль музыканттары Қарағөз Гасимованың «Аңыз дала», Тоғжан Жахиннің «Думанды Сарыарқа», «Сарын», «Сақ даласы», Шығыс Маханның «Аққу арман» және Ержан Тоқсабановтың «Тұғырлы ел» шығармалары орындалды.

Ансамбль әртістері Әділет Сейітқұлов (қобыз), Ақерке Жөкен (нар қобыз), Қарағөз Гасимова (жетіген), Райхан Омар (сазсырнай), Гүлдара Нариман (прима қобыз), Венера Дүйсенбекова (прима қобыз) және ансамбльдің домбырашылары жеке өнер көрсетті.

Сондай-ақ концертке «Халық әні» бөлімінің әншілері, мәдениет саласының үздіктері Нұрай Танабаев, Әйгерім Нартүей, халықаралық байқаулардың лауреаттары Өзгеріс Шерікбай, Сәулежан Тағзия қатысты.

## ӘУЕСҚОЙЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ЖАРЫСЫ

Елордада әуесқой спортшылардың арасында дәстүрге айналған Astana run бәсекесі өз мәресіне жетті. 2023 жылдан бастауын алған Astana run жүгірісінің басты ерекшелігі 4 кезең бойынша жылдың әр мезгілінде өтеді. Бұл жолғы іс-шара – биылғы екінші жүгіріс.



дан бірнеше айырмашылығы бар екенін атап өтті.

– Спорт жарысы адамдарды бір-біріне жақындатып, достастырады. Бұл жолғы жарыстың да басты мақсаты сол. Алайда бұл жарыстың басқа жарыстарға қарағанда

бірнеше ерекшелігін атап өтуге болады. Біріншіден, әр жүгіріс қаланың түрлі саябағында өтеді. Көктемдегі бәсеке Триатлон саябағында ұйымдастырылса, бұл жолы Орталық саябақта бас қостық. Себебі кей адамдар спортпен айналысса да, үйінің қасындағы жаттығу алаңдарынан ұзай бермейді. Сондықтан кейбіреулер үшін бұл жаңа трасса болуы әбден мүмкін. Екіншіден, біз балалардың жүгірісіне мән беріп, жарқын эмоция сыйлауға тырысамыз. 3-6 жас, 7-9 жас, 10-17 жастағы балалардың арасында жеңімпаз жеке-жеке анықталады. Үшіншіден, біздің әр жүгіріске қатысқан қатысушы медальдің бір бөлігін алып, төртеуіне де қатысса, домалақ күйінде толық медальді қалыптастырады. Жарысымыздың былтырғыға қарағанда танымалдығы артып жатқанын байқап жатырмыз. Тек Астана ғана емес, өзге қалалардан да келушілердің қарасы көп, – дейді Диана Сабырова.

Шын мәнінде, соңғы кезде

Astana run-ның танымалдығы артып келеді. Мысалы, 1 жыл бұрын осы жарысқа қатысушылардың саны 300-400 ғана болса, енді сұраныстың артуына байланысты 700-ге (ересектер – 400, балалар – 300) артқан.

Жарыс барысында 18-29, 30-39, 40-49, 50-59, 60 жастан жоғары санаттағы ересектер 10 шақырымдық қашықтыққа дейін жүгірсе, 3-9 жас аралығындағы балалар 400 метр, 10-17 жастағы жасөспірімдер 1 шақырымға жүгірді. Нәтижесінде 10 шақырым қашықтықта ерлер арасында 31:42 уақыт көрсеткішімен Әлімжан Балтабек топ жарса, әйелдер арасында Әлия Тұранова жеңімпаз болды. Бұл спортшыларға 80 мың теңге көлемінде сыйақы табыс-талды. Сондай-ақ үздіктер анықталып қана қоймай, қатысушылардың арасында лотерея арқылы естелік сыйлықтар ойнатылды. Енді күзгі жүгіріске тіркелу ресми түрде басталып, спортшылар дайындыққа кіріседі.

Шапағат ӘБДІР

Ұйымдастырушылар аталған жарыстың басқа жарыстар-



## ҚОС ҚОЙЫЛЫМ ҰСЫНАДЫ

Конституция күніне орай Астана қаласында Атырау жастар театрының гастролі өтеді. Өнер ұжымы 29, 30 тамыз күндері Музыкалық жас көрермен театры сахнасында қос спектакль ұсынады.

Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры жанынан құрылып, осы жылдың басында ғана бөлек отау болып шығарылған Атырау жастар театры ұсынатын алғашқы қойылым «Жәннат» аталады. Драма жанрындағы спектакль авторы әрі қоюшы режиссері

– Мұқанғали Томанов. Бұл қойылым ата-ананың қадірі туралы сыр шертеді. Ал екінші қойылым – биыл туғанына 100 жыл толып жатқан көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» спектаклі. Бұл спектакльдің де қоюшы режиссері – Мұқанғали Томанов.



## SARYARQA RUN МАРАФОНЫ ӨТЕДІ

Астанада 31 тамызда ҚР Конституциясы күніне арналған Saryarqa run ауқымды марафоны өтеді. Старт қала әкімдігінің алдындағы алаңнан (Бейбітшілік көшесі, 11) басталады.

Оған 16 жасқа толған кез келген азамат қатыса алады. Қатысушыларды тіркеу 24-30 тамыз аралығында (15:00-ге дейін) өтеді. Тіркелу тегін. Нөмірлер жарыс өтетін күні сағат 07:00-де беріледі. Жарыстың жалпы қашықтығы – 5 км. Марафон Астана уақытымен сағат 08:00-де басталады.

Марафон аяқталғаннан кейін жеңімпаздар жас санатына қарай: 16 жастан 49 жасқа дейінгі ерлер және әйелдер, 50 жастан жоғары ерлер мен әйелдер болып бөлініп марапатталады. Сондай-ақ оларға дипломдар, медальдар және бағалы сыйлықтар беріледі. Тіркелу сілтемесі: <https://forms.gle/LwcDwNbSt5g8z1qj9>

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Шеф-редактор – Төлән ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №102

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҒЫ